



Автор: Кенжесеитова Нургуль Кабылдиновна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Тарих ағымында

Тақырып: Тарихи және мәдени ескерткіштер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау . 3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақта
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: ежелгі түріктердің өмір салтын анықтайды Көптеген оқушылар: Қазақстанның ресми, бейресми рәміздерінің маңызын түсіндіреді Кейбір оқушылар: тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғаудың маңыздылығын айта алады.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар :-ежелгі түріктердіңөмір салтын анықтайды -өнердің адам өміріндегі рөлін анықтайды -Қазақстанның ресми, бейресми рәміздерінің маңызын түсіндіреді -тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғаудың маңыздылығын
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және білім ленд сілтемелері.
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, әдебиеттік оқу пәнінен алған мәдени мұралар мен тарихи ескерткіштерді сақтау және қорғаудың маңыздылығы, ежелгі түркі халықтарының өмірі, көшпелі өмір салты мен отырықшы өмір салтының ерекшеліктері,

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (7мин)	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Е. Хасанғалиев «Атамекен» әнін орындау. Жаңа топ құру«Ескерткіштердің суреттері » арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған ескерткіштерін алып, 1,2,3,4,топтарға бөлініп отырады. 1-топ «Тарихи және мәдени ескерткіштер» 2-топ «Жазба ескерткіштері» 3-топ «Табиғат ескерткіштері» 4-топ «Өнер ескерткіштері» Жұмыс ережесін келісу • Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! • Уақытты үнемдейміз! • Нақты, дәл жауап береміз! • Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! • Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! . Топ жұмысын аяқтаған кезде ысқырық арқылы белгі беру Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Суретті пайдаланып, ежелгі өмір салты туралы әңгімеле • Біздің қаламызға қанша жыл? • Өлкеміздегі қандай тарихи орындарды білесіңдер? Олар тарихтың қай кезеңі жайлы ақпарат береді? • Біздің қаламызда ескі заманнан қалған ғимараттар сақталған ба? Біздің қаламыздағы ескерткіш кімнің құрметіне орнатылған? Саралау Сұраққа жауап берген оқушыларға толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. • Ал қалай ойлайсыңдар бүгінгі сабақтың тақырыбы қалай аталады? Оқу мақсатын таныстыру 3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау 3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру	Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс.
Сабақтың ортасы (18мин)	Оқулықпен жұмыс. Жекеше, жұппен, топпен оқып талқылайды. Bilim Land видео материал қарату, талқылау. Топпен жұмыс: Сипаттау тапсырмасы Осы ескерткіштердің бірін таңдап сипатта? _____ Ол қай қалада немесе облыста орналасқан? _____ Ол ескерткіштің ерекшелігі (1-2 сөйлем) неде? _____ тапсырмаларды орындату.	https://bilimland.kz/kk/subject/dunietany/3-synyp/tarixi-zhane-madeni-eskertkishter?mid=%info%
Сабақтың соңы (10мин)	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. Bilim Land қорытынды жұмыс парақтары тапсырмасын беру. Тексеру.	https://bilimland.kz/kk/subject/dunietany/3-synyp/tarixi-zhane-madeni-eskertkishter?mid=%result%
Рефлексия (5мин)	Рефлексия (жеке): «Менің пікірім» (жеке) Оқушыларға таратпа парақтар таратылады. Берілген сұрақ бойынша пікір жазу және 3 дәлел келтіру ұсынылады: «Тарихи ескерткіштерді сақтаудың қандай маңызы бар?» Бағалау критерийлері: - тарихи ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығына 3 дәлел келтіреді;	